

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрайымы,
университет ректоры

Ж.Темирбекова

_____ 2025ж.



**Резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша
қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы Университеттің Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінде бекітілді. (№ 11 хаттама, 20.06.2025 ж.).

Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы «Жоғары медициналық жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» факультетінің отырысында қаралып, ұсынылды. (№ 10 хаттама, 13.06.2025 ж.).

1. Сипаттамасы

Бағдарламаның мақсаты талапкерлерге резидентураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша түсу емтихандары үшін емтихан материалдарын түсіндіру болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес резидентураға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Нормативтік сілтемелер

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы;

– «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі;

– «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы,

– Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;

– Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі, УЕ-ХҚТУ-088-2024

– Қабылдау комиссиясының шешімдері.

3. Жалпы ереже

1. Резидентураға жоғары білімнің және интернатураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

2. Шетелдік азаматтарды ақылы негізде білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде білім беру ұйымының қабылдау комиссиялары өткізетін түсу емтиханы нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

3. Резидентураға түсуші тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Резидентураға түсу үшін құжаттар 03-25 шілде аралығында қабылданады. Мамандық бойынша қабылдау емтихандары 08-16 тамыз аралығында, қабылдау – 28 тамызға дейін.
5. Резидентураға түсуші тұлғалар жоғары білім беру бағдарламасы шеңберінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады.
6. Қабылдау комиссиясы түсу емтиханын өткізу нысанын дербес белгілейді. Түсу емтиханы қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен емтихан бағдарламасына сәйкес қабылданады.

4. Бағалау критерийлері

Резидентураға түсу емтиханы үшін ең жоғары балл – 100 балл. Түсу емтиханының 100 балы- интернатурада оқу кезеңі үшін GPA балының 40%-н, қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың нәтижесі 30%-н, жазбаша емтихан нәтижесі 30% -н құрайды.

Жазбаша емтихан алдыңғы білім беру бағдарламасының көлемінде өткізіледі.

Емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады, 2 сұрақ ҚР МСЕ-2019ж бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша оқу материалын, 1 сұрақ сұралып отырған мамандыққа сәйкес ҚР МСЕ-2019ж бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша интернатурада өтілген оқу материалын қамтиды. Жазбаша емтихан ұзақтығы 120 минутты құрайды.

1. Қорытынды бағалауды есептеу тәсілі:

Қорытынды баға	=	интернатурада оқу нәтижелері бойынша GPA*0,4	+	Интернатурада ҚМА нәтижесі*0,3	+	Жазбаша емтихан нәтижесі*0,3
-----------------------	---	--	---	--------------------------------	---	------------------------------

2. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда резидентураға қабылдау кезінде дәрігерлік өтілі бар адамдар басым құқық алады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі:

- 1) ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда;
- 2) ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер;
- 3) ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар және (немесе) дипломдар.

5. Емтихан бағдарламасына енгізілген бейіндік пәндер тізімі

* Бейіндік пәндер бойынша сұрақтар тізімі мен ұсынылатын әдебиеттер тізімі көрсетілген қосымшаларда берілген.

№	БББ атауы	Ескерту
1	R001 Кардиология ересектердің, балалардың	Қосымша 1
2	R003 Аллергология ересектердің, балалардың	Қосымша 2
3	R004 Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	Қосымша 3
4	R007 Пульмонология ересектердің, балалардың	Қосымша 4
5	R008 Эндокринология ересектердің, балалардың	Қосымша 5
6	R011 Жұқпалы аурулар ересектердің, балалардың	Қосымша 6
7	R012 Дерматовенерология ересектердің, балалардың	Қосымша 7
8	R013 Психиатрия ересектердің, балалардың	Қосымша 8
9	R014 Радиология	Қосымша 9
10	R017 Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың	Қосымша 10
11	R018 Кардиохирургия ересектердің, балалардың	Қосымша 11
12	R019 Ангиохирургия ересектердің, балалардың	Қосымша 12
13	R020 Нейрохирургия ересектердің, балалардың	Қосымша 13
14	R021 Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің, балалардың	Қосымша 14
15	R023 Балалар хирургиясы	Қосымша 15
16	R024 Онкология ересектердің	Қосымша 16
17	R025 Травматология, ортопедия ересектердің, балалардың	Қосымша 17
18	R026 Урология ересектердің, балалардың	Қосымша 18
19	R027 Офтальмология ересектердің, балалардың	Қосымша 19
20	R028 Оториноларингология ересектердің, балалардың	Қосымша 20
21	R030 Педиатрия	Қосымша 21
22	R031 Неонатология	Қосымша 22
23	R032 Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	Қосымша 23
24	R036 Жалпы хирургия	Қосымша 24
25	R037 Неврология ересектердің, балалардың	Қосымша 25
26	R002 Ревматология ересектердің, балалардың	Қосымша 26
27	R039 Терапия	Қосымша 27
28	R040 Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың	Қосымша 28
29	R042 Клиникалық фармакология	Қосымша 29
30	R043 Терапиялық стоматология	Қосымша 30
31	R050 Патологиялық анатомия	Қосымша 31
32	R022 Пластикалық хирургия ересектердің балалардың	Қосымша 32